

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық аймақтарды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 27 қазандағы № 362-V ҚРЗ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16, 64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 49, 50-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 114-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11-құжаттар; № 3, 27-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 80-құжат; № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 77, 79, 81-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 8, 44-құжат; № 11, 63, 64-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 118, 122-құжаттар; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57-құжат) :

33-баптың 1-тармағының алтыншы бөлігі мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы басқарушы компанияның пайдасына инфрақұрылым объектілерімен қоса мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін иеліктен шығарған кезде;» .

2. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2,

21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 114, 115-құжаттар; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 63, 64, 65, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 11, 52-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 7 8) :

1) 1 5 0 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Осы Кодекстің 151-1 – 151-10-баптарында көрсетілген экономикалық қызмет түрлері бойынша қызметтің басым түрлерінің тізбесін және құрылысы қызметтің осы түрлерін жүзеге асыруға арналған объектілердің тізбесін, сондай-ақ қызметтің басым түрлері мен құрылыс объектілерін көрсетілген тізбелерге енгізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Қызметтің басым түрлерін айқындау техникалық реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен, экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауышына және экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім сыныптауышына сәйкес жүзеге асырылады. » ;

3 - т а р м а қ т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) осы Кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін көзделген инвестициялық салық преференцияларын қолданатын (қолданған) ұйымдар;»;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық басым жобаны және инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыратын (іске асырған) ұйым;»;

4 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Арнайы экономикалық аймақтың аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйым туралы мәліметтер арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларының бірыңғай тізіліміне енгізілген күннен кейін салық заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, мұндай ұйым, егер Қазақстан Республикасының салық

заңнамасына осындай өзгерістер мен толықтырулар:
жер салығын, мүлік салығын және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеген кезде қолданылатын коэффициенттерді және (немесе) мөлшерлемелерді;
корпоративтік табыс салығын есептеген кезде азайту мөлшерін алып тастауды және (немесе) өзгертуді көздейтін болса, осы тармақта көрсетілген күні қолданыста болған осы Кодекстің 17-тарауының ережелерін қолданады.

Осы тармақтың ережелері Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес жасалған арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданылу мерзімі ішінде , бірақ талап қою мерзімінен аспайтын мерзімде қолданылады.»;

2) 1 5 1 - 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Кодекстің 150-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасын қолдану мақсатында «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының экономикалық қызмет түрлері:

1) м ы н а л а р д ы :

с у с ы н д а р ш ы ғ а р у д ы ;

т е м е к і б ұ й ы м д а р ы н ө н д і р у д і ;

жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді;
жазылған материалдарды басып шығаруды және тыңдатып-көрсетуді;
машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші ө н е р к ә с і п ;

2) қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі;

3) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес инфрақұрылым объектілерін, әкімшілік және тұрғын үй кешендерін салу және оларды пайдалануға беру;

4) жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес ауруханаларды, емханаларды, мектептерді , балабақшаларды, музейлерді, театрларды, жоғары және орта оқу орындарын, кітапханаларды, оқушылар сарайларын, спорт кешендерін салу және оларды п а й д а л а н у ғ а б е р у ;

5) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және оларды пайдалануға беру болып табылады.»;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «1-тармағында» деген сөздер «1-тармағының 1) – 4) тармақшаларында» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартында көрсетілген, бірақ «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу мерзімінен аспайтын

мерзімге жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу кезінде тиісті мөлшерлемелерге 0 коэффициент;»;

3-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың ережелері осы баптың 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған (алынуға жататын) табыстар бойынша есептелген корпоративтік табыс салығына қолданылмайды.

Егер осы баптың 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыратын ұйым, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 1) – 3) тармақшаларында көрсетілген қызмет түрлерінің біреуін жүзеге асыратын болса, мұндай ұйым корпоративтік табыс салығы бойынша салықтық міндеттемені есептеу мақсатында, осы баптың 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған табыстар мен осы баптың 1-тармағының 1) –

3) тармақшаларында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған табыстар бойынша бөлек есепке алуды жүргізеді.»;

3) 1 5 1 - 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Кодекстің 150-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасын қолдану мақсатында «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының экономикалық қызмет түрлері:

1) м ы н а л а р д ы :

та ма қ ө н і м д е р і н ө н д і р у д і ;

с у с ы н д а р ш ы ғ а р у д ы ;

т е м е к і б ұ й ы м д а р ы н ө н д і р у д і ;

жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді;

жазылған материалдарды басып шығаруды және тыңдатып-көрсетуді;

ж и һ а з ш ы ғ а р у д ы ;

машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші ө н е р к ә с і п ;

2) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және оларды пайдалануға беру болып табылады.»;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында» деген сөздер «1-тармағының 1) тармақшасында» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартында көрсетілген, бірақ «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу мерзімінен аспайтын мерзімге жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны

есептеу кезінде тиісті мөлшерлемелерге 0 коэффициент;»;

3-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың ережелері осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асырудан алынған (алынуға жататын) табыстар бойынша есептелген корпоративтік табыс салығына қолданылмайды.

Егер осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыратын ұйым, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлерінің біреуін жүзеге асыратын болса, мұндай ұйым корпоративтік табыс салығы бойынша салықтық міндеттемені есептеу мақсатында, осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асырудан алынған табыстар мен осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған табыстар бойынша бөлек есепке алуды жүргізеді.»;

4) 1 5 1 - 3 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Кодекстің 150-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасын қолдану мақсатында «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағының экономикалық қызмет түрлері:

1) м ы н а л а р д ы :

тамақ өнімдерін өндіруді;

с у с ы н д а р ш ы ғ а р у д ы ;

темекі бұйымдарын өндіруді;

жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді;

жазылған материалдарды басып шығаруды және тыңдатып-көрсетуді;

ж и Һ а з ш ы ғ а р у д ы ;

машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші ө н е р к ә с і п ;

2) қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі;

3) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және оларды пайдалануға беру болып табылады.»;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «1-тармағында» деген сөздер «1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартында көрсетілген, бірақ «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу мерзімінен аспайтын мерзімге жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу кезінде тиісті мөлшерлемелерге 0 коэффициент;»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, «Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйым бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде осы Кодекстің 139-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100 п а й ы з ғ а а з а й т а д ы .

Осы тармақтың ережелері осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асырудан алынған (алынуға жататын) табыстар бойынша есептелген корпоративтік табыс салығына қолданылмайды.

Егер осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыратын ұйым, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген қызмет түрлерінің біреуін жүзеге асыратын болса, мұндай ұйым корпоративтік табыс салығы бойынша салықтық міндеттемені есептеу мақсатында, осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асырудан алынған табыстар мен осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған табыстар бойынша бөлек есепке а л у д ы ж ү р г і з е д і . » ;

5) 1 5 1 - 4 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Кодекстің 150-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 4) тармақшасын қолдану мақсатында «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының экономикалық қызмет түрлері:

1) м ы н а л а р д ы :

тамақ өнімдерін өндіруді;

с у с ы н д а р ш ы ғ а р у д ы ;

темекі бұйымдарын өндіруді;

тоқыма бұйымдарын өндіруді;

к и і м ш ы ғ а р у д ы ;

жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді;

химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіруді;

металлургия өнеркәсібін;

ж и һ а з ш ы ғ а р у д ы ;

автокөлік құралдарын шығаруды;

машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші ө н е р к ә с і п ;

2) а қ п а р а т ж ә н е б а й л а н ы с ;

3) кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет;

4) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) – 3) тармақшаларында

көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және оларды пайдалануға беру болып табылады.»;

3 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «1) – 9-1) тармақшаларында» деген сөздер «1) – 3) тармақшаларында» деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартында көрсетілген, бірақ «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу мерзімінен аспайтын мерзімге жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу кезінде тиісті мөлшерлемелерге 0 коэффициент»;»;

4-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың ережелері осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асырудан алынған (алынуға жататын) табыстар бойынша есептелген корпоративтік табыс салығына қолданылмайды.

Егер осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыратын ұйым, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 1 – 3) тармақшаларында көрсетілген қызмет түрлерінің біреуін жүзеге асыратын болса, мұндай ұйым корпоративтік табыс салығы бойынша салықтық міндеттемені есептеу мақсатында, осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген қызмет және басқа да қызмет бойынша бөлек есепке алуды жүргізеді.»;

5-тармақтың төртінші абзацындағы «1) – 9-1) тармақшаларында» деген сөздер «1) – 3) тармақшаларында» деген сөздермен ауыстырылсын;
6) 1 5 1 - 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Кодекстің 150-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасын қолдану мақсатында «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағының экономикалық қызмет түрлері:

1) м ы н а л а р д ы :

тамақ өнімдерін өндіруді;

с у с ы н д а р ш ы ғ а р у д ы ;

т е м е к і б ұ й ы м д а р ы н ө н д і р у д і ;

жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді;

жазылған материалдарды басып шығаруды және тыңдатып-көрсетуді;

ж и һ а з ш ы ғ а р у д ы ;

машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші ө н е р к ә с і п ;

2) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және

оларды пайдалануға беру болып табылады.»;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «1-тармағында» деген сөздер «1-тармағының 1) тармақшасында» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартында көрсетілген, бірақ «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу мерзімінен аспайтын мерзімге жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу кезінде тиісті мөлшерлемелерге 0 коэффициент ; » ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйым бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде осы Кодекстің 139-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100 пайызға азайтады.

Осы тармақтың ережелері осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асырудан алынған (алынуға жататын) табыстар бойынша есептелген корпоративтік табыс салығына қолданылмайды.

Егер осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыратын ұйым, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлерінің біреуін жүзеге асыратын болса, мұндай ұйым корпоративтік табыс салығы бойынша салықтық міндеттемені есептеу мақсатында, осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асырудан алынған табыстар мен осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған табыстар бойынша бөлек есепке алуды жүргізеді.»;

7) 151-6-баптың 2-тармағының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартында көрсетілген, бірақ «Бурабай» арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу мерзімінен аспайтын мерзімге жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу кезінде тиісті мөлшерлемелерге 0 коэффициент ; » ;

8) 1 5 1 - 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Кодекстің 150-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасын қолдану мақсатында «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағының экономикалық қызмет түрлері :

1) мыналарды :

тамақ өнімдерін өндіруді;

сусындар шығаруды;

темекі бұйымдарын өндіруді;

жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді; сабаннан және тоқуға

арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді;
жазылған материалдарды басып шығаруды және тыңдатып-көрсетуді;
ж и Һ а з д а р ш ы ғ а р у д ы ;
машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші
ө н е р к ә с і п ;

2) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) тармақшасында
көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және
оларды пайдалануға беру болып табылады.»;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «1-тармағында» деген сөздер «1-тармағының 1) тармақшасында»
деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартында көрсетілген, бірақ «Сарыарқа»
арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу мерзімінен аспайтын мерзімге жер
учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу кезінде тиісті мөлшерлемелерге 0
к о э ф ф и ц и е н т ; » ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, «Сарыарқа» арнайы экономикалық
аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйым бюджетке төленуге жататын
корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде осы Кодекстің 139-бабына
сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100 пайызға азайтады.

Осы тармақтың ережелері осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген
қызмет түрін жүзеге асырудан алынған (алынуға жататын) табыстар бойынша
есептелген корпоративтік табыс салығына қолданылмайды.

Егер осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге
асыратын ұйым, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген
қызмет түрлерінің біреуін жүзеге асыратын болса, мұндай ұйым корпоративтік табыс
салығы бойынша салықтық міндеттемені есептеу мақсатында, осы баптың 1-
тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асырудан алынған
табыстар мен осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген қызмет түрлерін
жүзеге асырудан алынған табыстар бойынша бөлек есепке алуды жүргізеді.»;

9) 1 5 1 - 8 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Кодекстің 150-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасын
қолдану мақсатында «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының
экономикалық қызмет түрлері:

1) м ы н а л а р д ы :

с у с ы н д а р ш ы ғ а р у д ы ;
т е м е к і б ұ й ы м д а р ы н ө н д і р у д і ;

жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді; жазылған материалдарды басып шығаруды және тыңдатып-көрсетуді; жиһаздар шығаруды; машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші өнеркәсіп;

2) қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі;

3) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және оларды пайдалануға беру болып табылады.»;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «1-тармағының 1) – 8) тармақшаларында» деген сөздер «1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартында көрсетілген, бірақ «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу мерзімінен аспайтын мерзімге жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу кезінде тиісті мөлшерлемелерге 0 коэффициент;»;

3-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың ережелері осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асырудан алынған (алынуға жататын) табыстар бойынша есептелген корпоративтік табыс салығына қолданылмайды.

Егер осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыратын ұйым, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген қызмет түрлерінің біреуін жүзеге асыратын болса, мұндай ұйым корпоративтік табыс салығы бойынша салықтық міндеттемені есептеу мақсатында, осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асырудан алынған табыстар мен осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған табыстар бойынша бөлек есепке алынды жүргізеді.»;

10) 151 - 9 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Кодекстің 150-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасын қолдану мақсатында «Павлодар» арнайы экономикалық аймағының экономикалық қызмет түрлері :

1) мыналарды :

тамақ өнімдерін өндіруді;

сусындар шығаруды;

темекі бұйымдарын өндіруді;

жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді; жазылған материалдарды басып шығаруды және тыңдатып-көрсетуді; жиһаздар шығаруды; машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші өнеркәсіп;

2) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және оларды пайдалануға беру болып табылады.»;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «1-тармағында» деген сөздер «1-тармағының 1) тармақшасында» деген сөздермен ауыстырылсын; үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартында көрсетілген, бірақ «Павлодар» арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу мерзімінен аспайтын мерзімге жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу кезінде тиісті мөлшерлемелерге 0 коэффициент;»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, «Павлодар» арнайы экономикалық аймағының аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйым бюджетке төленуге жататын корпоративтік табыс салығының сомасын айқындау кезінде осы Кодекстің 139-бабына сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100 пайызға азайтады.

Осы тармақтың ережелері осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асырудан алынған (алынуға жататын) табыстар бойынша есептелген корпоративтік табыс салығына қолданылмайды.

Егер осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыратын ұйым, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлерінің біреуін жүзеге асыратын болса, мұндай ұйым корпоративтік табыс салығы бойынша салықтық міндеттемені есептеу мақсатында, осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асырудан алынған табыстар мен осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асырудан алынған табыстар бойынша бөлек есепке алуды жүргізеді.»;

1 1) 1 5 1 - 1 0 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Кодекстің 150-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасын қолдану мақсатында «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағының экономикалық қызмет түрлері:

1) м ы н а л а р д ы :

тамақ өнімдерін өндіруді;

с у с ы н д а р ш ы ғ а р у д ы ;
т е м е к і б ұ й ы м д а р ы н ө н д і р у д і ;
жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді; сабаннан және тоқуға
арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді;
жазылған материалдарды басып шығаруды және тыңдатып-көрсетуді;
ж и Һ а з д а р ш ы ғ а р у д ы ;
машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші
ө н е р к ә с і п ;

2) жобалау-сметалық құжаттама шегінде осы тармақтың 1) тармақшасында
көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін тікелей арналған объектілерді салу және
оларды пайдалануға беру болып табылады.»;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы «1-тармағында 1) – 4) тармақшаларында» деген сөздер «1-
тармағының 1) тармақшасында» деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартында көрсетілген, бірақ «Тараз
химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағының жұмыс істеу мерзімінен аспайтын
мерзімге жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу кезінде тиісті
мөлшерлемелерге 0 коэффициент»;

3-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы тармақтың ережелері осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында
көрсетілген қызмет түрін жүзеге асырудан алынған (алынуға жататын) табыстар
бойынша есептелген корпоративтік табыс салығына қолданылмайды.

Егер осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге
асыратын ұйым, сондай-ақ осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген
қызмет түрлерінің біреуін жүзеге асыратын болса, мұндай ұйым корпоративтік табыс
салығы бойынша салықтық міндеттемені есептеу мақсатында, осы баптың 1-
тармағының 2) тармақшасында көрсетілген қызмет түрін жүзеге асырудан алынған
табыстар мен осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген қызмет түрлерін
жүзеге асырудан алынған табыстар бойынша бөлек есепке алуды жүргізеді.»;

1 2) 2 4 5 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының аумағында жер қойнауын пайдалануға арналған
келісімшарт, өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде қызметін жүзеге
асыратын, олардың шарттарына сәйкес импортталатын тауарлар қосылған құн
салығынан босатылатын салық төлеушілерге өзі өндірген тауарларды өткізу бойынша
айналымға нөлдік мөлшерлеме бойынша қосылған құн салығы салынады.

Егер жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта, өнімді бөлу туралы
келісімде (келісімшартта) қосылған құн салығынан босатылатын импортталатын

тауарлар тізбесі айқындалған болса, осы тізбеде көрсетілген тауарларды өткізу бойынша айналымдарға нөлдік мөлшерleme бойынша салық салынады.»;

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) берілетін тауарлардың жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың, өнімді бөлу туралы келісімнің (келісімшарттың) жұмыс бағдарламасын орындауға арналғаны көрсетіле отырып, талаптарына сәйкес импортталатын тауарлар қосылған құн салығынан босатылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт, өнімді бөлу туралы келісім (келісімшарт) шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілерге тауарларды беру шарты;».

3. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 21, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 6-құжаттар; № 2, 10, 12-құжаттар; № 7, 37-құжат; № 8, 44-құжат; № 10, 52-құжат; № 14, 86-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат):

27-1-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Арнайы экономикалық аймақтардың аумағындағы өнеркәсіптік кәсіпорындар объектілерін, Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрме объектілерін жобалау, салу, реконструкциялау, техникалық қайта жарақтандыруды, кеңейтуді, күрделі жөндеуді жүргізу және пайдалану кезінде шет мемлекеттердің, халықаралық және өңірлік ұйымдардың құрылыс нормалары мен қағидаларын, сондай-ақ стандарттарын қолдануға жол беріледі. Арнайы экономикалық аймақтардың аумағында өнеркәсіптік кәсіпорындар объектілерін, Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық мамандандырылған көрме объектілерін салу кезінде шет мемлекеттердің, халықаралық және өңірлік ұйымдардың құрылыс нормалары мен қағидаларының, сондай-ақ стандарттарының талаптарына сәйкес келетін құрылыс материалдары мен конструкцияларын қолдануға жол беріледі.».

4. «Инвестициялар туралы» 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 1-2, 4-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2012 ж., № 2, 11-құжат; № 6, 46-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 11, 64-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат):

1) 1-баптың 11-1) тармақшасындағы «инвестициялық басым жобаларды іске асыратын» деген сөздер алып тасталсын;

2) 12-баптың 2-1-тармағы алып тасталсын;

3) 12 - 2 - б а п т а :

тақырыптағы «Инвестициялық басым жобаларды іске асыратын инвесторларға» деген сөздер «Инвесторларға» деген сөзбен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі «инвестициялық басым жобаны іске асыратын» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

е к і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацтағы «инвестициялық басым жобаны іске асыратын» деген сөздер а л ы п т а с т а л с ы н ;

4) тармақшадағы «инвестициялық басым жобаны» деген сөздер «инвесторды» деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы «инвестициялық басым жобаны іске асыратын» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

2) тармақшадағы «инвестициялық басым жобаны іске асыратын» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

4) тармақшадағы «инвестициялық басым жобаны» деген сөздер «инвесторды» деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5) тармақшадағы «инвестициялық басым жобаны іске асыратын» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

3 - т а р м а қ т а :

«инвестициялық басым жобаны іске асыратын» деген сөздер алып тасталсын;

«инвестициялық басым жобаны» деген сөздер «инвесторды» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4-тармақтағы «инвестициялық басым жобаны іске асыратын» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

4) 15-баптың 3-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінімде инвестициялық субсидияларды беру көзделетін болса, әрбір инвестициялық басым жоба бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің инвестициялық субсидиялар беру туралы шешімі қажет болған жағдайда беріледі.».

5. «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 16, 128-құжат; 2010 ж., № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 21, 122-құжат; 2015 ж., № 9, 46-құжат):

1) 9-бап мынадай мазмұндағы 18-1) және 27-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«18-1) қызметінің негізгі нысанасы – Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына, іскерлік туризмнің дамуына жәрдемдесу, сондай-ақ Астана қаласын халықаралық көрмеге даярлау болып табылатын, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаны айқындайды;»;

«27-1) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қояды, оларды үйлерден (құрылыстардан, ғимараттардан) босатуды қамтамасыз ету саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру, тарату туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ оның қызметін үйлестіреді ; » ;

2) мынадай мазмұндағы 9-1 және 9-2-баптармен толықтырылсын:

«9-1-бап. Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына, іскерлік туризмді дамытуға, сондай-ақ Астана қаласын халықаралық көрмеге даярлауға жәрдемдесетін ұйым

Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына, іскерлік туризмді дамытуға, сондай-ақ Астана қаласын халықаралық көрмеге даярлауға жәрдемдесетін ұйым:

1) Астана қаласының брендін ілгерілетуге бағытталған іс-шараларды өткізу жөнінде ұсыныстар әзірлеуді және оларды астана әкімдігінің қарауына енгізуді және осы іс-шараларды іске асыруды жүзеге асырады;

2) астананың брендін ілгерілету бойынша астананың әкімдігіне қызметтер көрсетеді ;

3) инвестициялар тартуды және туристік дестинацияны дамыту шеңберінде жобаларды іске асыруды жүзеге асырады;

4) жаңартылатын энергия көздері саласында индустриялық-инновациялық қызметті дамытуды жүзеге асырады ;

5) астанада іскерлік туризмді дамытуға ықпал ететін іс-шараларды ілгерілетеді;

6) жергілікті және шетелдік туристерге астана туралы қажетті ақпарат береді;

7) туризм саласында инновациялық шешімдер іздеуді, зерделеуді, тартуды және енгізуді жүзеге асырады ;

8) астананың туристік әлеуетін дамыту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

9) астананың әкімдігі айқындайтын өзге де қызметті жүзеге асырады.

9-2-бап. Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қояды, оларды үйлерден (құрылыстардан, ғимараттардан) босатуды қамтамасыз ету саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын

1. Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қояды, оларды үйлерден (құрылыстардан, ғимараттардан) босатуды қамтамасыз ету саласындағы

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын «Мемлекеттік мүлік туралы»
Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес:

1) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесінің алып қойылуына байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталғаны туралы меншік иелерінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыларды хабардар етуді қамтамасыз етеді;

2) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесінің алып қойылуына байланысты иеліктен шығарылатын жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын айқындауды қамтамасыз етеді, өтем мөлшерін айқындайды;

3) алып қойылатын жер учаскелерін үйлерден (құрылыстардан, ғимараттардан) босатудың сметалық құнын дайындауды қамтамасыз етеді;

4) алып қойылатын мүліктің меншік иелерімен немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылармен келіссөздер, келісу рәсімдерін жүргізуді қамтамасыз етеді;

5) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін немесе өзге де мүлікті мәжбүрлеп алып қою мәселелері бойынша соттарда астана әкімдігінің мүдделерін білдіреді;

6) мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесінің алып қойылуына байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүліктің құнын және өтелуге жататын шығындарды өтеу төлемдерін бюджет қаражаты есебінен төлеуді қамтамасыз етеді;

7) жер учаскелерін үйлерден (құрылыстардан, ғимараттардан) босатуды қамтамасыз етеді.

2. Астананың жергілікті атқарушы органы осы баптың 1-тармағында айқындалған мемлекеттік кәсіпорыннан мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қоюды, оларды үйлерден (құрылыстардан, ғимараттардан) босатуды қамтамасыз ету саласында көрсетілетін қызметтер мен жұмыстарды сатып алады.».

6. «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 5, 42-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 16-құжаттар; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 41-құжат; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 95-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 15, 82-құжат; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат; № 11, 57 - құжат; № 14, 72 - құжат):

134-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы «функцияларын» деген сөзден кейін «, сондай-ақ астананың жергілікті атқарушы органының мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қоюды, оларды үйлерден (құрылыстардан, ғимараттардан) босатуды қамтамасыз ету саласындағы функцияларын» деген сөздермен толықтырылсын.

7. «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» 2011

**экономикалық аймақ аумағының шекарасын және
(немесе) алаңын өзгерту тәртібі»;**

2 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уәкілетті орган арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсыныс енгізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның орындылығын қарайды және арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасының уәкілетті орган бекіткен талаптарға сәйкестігін тексереді және қабылданған шешім туралы өтініш берушіге жазбаша негізделген жауап жібереді.

Арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасы көрсетілген талаптарға сәйкес келген кезде уәкілетті орган арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсыныс енгізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны сарапшылық кеңестің қарауына жіберуге тиіс, ол арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсыныс уәкілетті органға қабылданған күннен бастап құрылады.

Сарапшылық кеңестің құрамы құрылатын арнайы экономикалық аймақтың қызмет түрінің ерекшеліктері ескеріле отырып бекітіледі.

Сарапшылық кеңес арнайы экономикалық аймақты құру туралы уәкілетті орган ұсыныс енгізген күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қорытынды әзірлейді.»;

«7. Уәкілетті орган техникалық-экономикалық негіздеме сараптамаларының қорытындысын алғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне қоршаған ортаға әсері бағаланған арнайы экономикалық аймақ құрудың тиісті техникалық-экономикалық негіздемесінің тұжырымдамасын, сарапшылық кеңестің қорытындысын қоса бере отырып, арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсыныс енгізеді.»;

8-тармақтың бірінші бөлігіндегі «басым» деген сөз алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 9-тармақпен толықтырылсын:

«9. Арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсынысты арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе) алаңын өзгертуге мүдделі орталық немесе жергілікті атқарушы органдар, заңды тұлғалар арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе) алаңын өзгертудің негіздемесін (қаржылық-экономикалық есеп-қисаптарды) ұсына отырып, уәкілетті органға енгізеді.

Ұсынысты бірнеше заңды тұлға бірлесіп беруі мүмкін.

Арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныстың орындылығы туралы мәселені уәкілетті орган осындай ұсыныс енгізілген күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Уәкілетті орган:

1) арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныс мемлекеттік экономикалық саясаттың басымдықтарына сәйкес

к е л м е г е н ;

2) арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныс қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарға сәйкес к е л м е г е н ;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау қажет болған, тарихи-мәдени мұра объектілерінің жойылу және бүліну қатері туындаған, елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз еткен;

4) арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныс негізсіз болған жағдайларда, арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсынысты қабылдамайды.

Орталық немесе жергілікті атқарушы органдар арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныс енгізген жағдайда , техникалық-экономикалық негіздемені түзетуге бюджет қаражатын бөлу Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсынысты қабылдамау арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсыныспен кейіннен жүгінуге кедергі болып т а б ы л м а й д ы .

Арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе) алаңын өзгертудің орындылығы туралы хабарламаны алған күннен бастап үш ай ішінде арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе) алаңын өзгерту туралы ұсынысты енгізген тұлғалар қоршаған ортаға әсерін бағалай отырып, құрылған арнайы экономикалық аймақтың техникалық-экономикалық негіздемесін түзетуді қамтамасыз е т е д і .

Уәкілетті орган қажет болған жағдайда, құрылған арнайы экономикалық аймақтың түзетілген техникалық-экономикалық негіздемесін техникалық-экономикалық негіздеменің түзетуі аяқталған кезден бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті сараптамалар жүргізу үшін мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді. Инвесторлар техникалық-экономикалық негіздеменің тәуелсіз сараптамаларын жүргізе алады.

Мемлекеттік органдардың құрылған арнайы экономикалық аймақтың түзетілген техникалық-экономикалық негіздемесіне сараптамалар жүргізуі түзетілген техникалық-экономикалық негіздеме уәкілетті органға берілген күннен бастап күнтізбелік қырық бес күннен аспайтын мерзім ішінде аяқталуға тиіс.

Уәкілетті орган түзетілген техникалық-экономикалық негіздеме сараптамаларының қорытындысын алғаннан кейін он жұмыс күні ішінде қоршаған ортаға әсерін бағалай отырып, құрылған арнайы экономикалық аймақтың түзетілген техникалық-экономикалық негіздемесін қоса беріп, арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе)

алаңын өзгерту туралы ұсынысты Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

Арнайы экономикалық аймақ аумағының шекарасын және (немесе) алаңын өзгерту туралы шешімді Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.»;

5) 8-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қызметтің басым түрлерін жүзеге асыруға арналған, арнайы экономикалық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелері Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес, арнайы экономикалық аймақтың қатысушысына арнайы экономикалық аймақты құру мерзіміне уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) беріледі.

Инфрақұрылым объектілерін салуға, сондай-ақ қызметтің қосалқы түрлерін жүзеге асыруға арналған, арнайы экономикалық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер учаскелері Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес басқарушы компанияға, автономды кластерлік қорға арнайы экономикалық аймақты құру мерзіміне уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) беріледі.

Басқарушы компания, автономды кластерлік қор қызметтің қосалқы түрлерін жүзеге асыратын адамдарға және (немесе) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген жер учаскелерін Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес кейінгі жер пайдалануға (қосалқы жалға) беруге құқылы.

Уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) берілген мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерінде толық немесе ішінара бюджет қаражаты есебінен құрылған инфрақұрылым объектілері басқарушы компанияға, автономды кластерлік қорға жалға, сенімгерлік басқаруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар мен мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес жарғылық капиталды толықтыру есебіне берілуі мүмкін.

Басқарушы компания, автономды кластерлік қор қызметтің қосалқы түрлерін жүзеге асыратын адамдарға және (немесе) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына кейінгі жер пайдалануға (қосалқы жалға) берілген мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерінде толық немесе ішінара бюджет қаражаты есебінен құрылған инфрақұрылым объектілерін беруі мүмкін.»;

6) 9-баптың 2-тармағында:

4) тармақшадағы «инвестициялық салықтық преференцияларды қолданған» деген сөздер «2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізілгенге дейін көзделген инвестициялық салық преференцияларын қолданатын (қолданған)» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заңнамасына сәйкес

инвестициялық басым жобаны және инвестициялық стратегиялық жобаны іске асыратын (іске асырған) ұйымдар;»;
7) 1 1 - б а п т а :

1-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Арнайы экономикалық аймақтың басқару органы өтінімді жобаларды іріктеу тәртібі мен өлшемшарттарына сәйкес қарайды.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Арнайы экономикалық аймақтың басқару органы мәлімделген қызмет түрі қызметтің басым түрлеріне, өтініш берушілердің жобаларын іріктеу өлшемшарттарына және (немесе) ұсынылған құжаттар осы Заңның 10-бабының 2 және 3-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда, өтініш берушіге қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасудан бас тартады.»;

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мәлімделген қызмет түрі қызметтің басым түрлеріне және өтініш берушілердің жобаларын іріктеу өлшемшарттарына сәйкес келген кезде арнайы экономикалық аймақтың басқару органы он жұмыс күні ішінде қызметті жүзеге асыру туралы шарт ж а с а с а д ы . » ;

4-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Арнайы экономикалық аймақтың басқару органынан қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасалғаны туралы хабарлама алғаннан кейін уәкілетті орган бес жұмыс күні ішінде арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларының бірыңғай тізіліміне арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы туралы мәліметтерді енгізеді және бұл жөнінде арнайы экономикалық аймақтың басқару органын хабардар етеді. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларының бірыңғай тізіліміне тиісті жазба енгізілген күннен бастап өтініш беруші арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы деп т а н ы л а д ы . » ;

8-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Арнайы экономикалық аймақтың басқару органы мемлекеттік кіріс органдарын қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданысы тоқтатылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей қызметті жүзеге асыру туралы шарт қолданысының тоқтатылғаны туралы хабардар етеді.»;

8) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

«11-1-бап. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы мәртебесінен айыру рәсімі

1. Арнайы экономикалық аймақтың басқару органы арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы қызметті жүзеге асыру туралы шартта айқындалған міндеттемелерді орындамаған жағдайда, қызметті жүзеге асыру туралы шартты біржақты түрде бұзуға құқылы. Арнайы экономикалық аймақ қатысушысының

міндеттемелерді орындамағаны анықталған кезде уәкілетті орган белгілейтін тиісті
а к т і л е р ж а с а л а д ы .

Арнайы экономикалық аймақтың басқару органы арнайы экономикалық аймақтың қатысушысын қызметті жүзеге асыру туралы шартта айқындалған міндеттемелерді орындамағаны туралы және бұзушылықтарды күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде жою қажеттігі туралы хабардар етеді.

Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы көрсетілген ескертулерді жою жөнінде шаралар қабылдамаған жағдайда, арнайы экономикалық аймақтың басқару органы арнайы экономикалық аймақтың қатысушысын қызметті жүзеге асыру туралы шартты біржақты түрде бұзу туралы кемінде он жұмыс күні бұрын хабардар етеді.

2. Қызметті жүзеге асыру туралы шартты біржақты түрде бұзған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде арнайы экономикалық аймақтың басқару органы бұл жөнінде арнайы экономикалық аймақтың қатысушысын, мемлекеттік кіріс органдарын, уәкілетті органды, сондай-ақ облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарын хабардар етеді.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметті жүзеге асыру туралы шарттың біржақты тәртіппен бұзылғаны туралы хабарламаны алғаннан кейін арнайы экономикалық аймақтың қатысушысына уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) берілген жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шартын осы шартта көзделген тәртіппен біржақты түрде б ұ з а д ы . » ;

9) 12-баптың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Жоғарыда көрсетілген талаптарға сай болған кезде қызметтің қосалқы түрлерін жүзеге асыруға үміткер тұлғалар арнайы экономикалық аймақтың қатысушысымен мердігерлік жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін орындауға белгіленген тәртіппен шарт жасасуға міндетті.

Мердігерлер жүзеге асыратын қызметтің қосалқы түрлері жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сипаты бойынша қызметтің басым түрлеріне сәйкес келуге т и і с е м е с . » ;

10) 13-баптың 3-тармағындағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздер «уәкілетті орган» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 14-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі және 3-тармағындағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі» деген сөздер «уәкілетті орган» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 2) 1 7 - б а п т а :

4-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Басқарушы компаниялардың мемлекетке тиесілі акциялары бірыңғай үйлестіру орталығына сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Акционерлер басқарушы компанияның директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ұсынған адамдар арасынан, лауазымы бойынша басқарушы компанияның директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау мәселелері жөніндегі комитетін басқаратын тәуелсіз директорды, сондай-ақ бірыңғай үйлестіру орталығы ұсынған адамдар арасынан тәуелсіз директорды с а й л а й д ы . » ;

13) 18-баптың бірінші бөлігінде:

2) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«2) арнайы экономикалық аймақтың қатысушыларына және қызметтің қосалқы түрлерін жүзеге асыратын адамдарға жер учаскелерін кейінгі жер пайдалануға немесе пайдалануға (қосалқы жалға) беру және инфрақұрылым объектілерін жалға (қосалқы ж а л ғ а) б е р у ; » ;

«4) уәкілетті органға және бірыңғай үйлестіру орталығына арнайы экономикалық аймақтар қызметінің нәтижелері туралы есептілікті арнайы экономикалық аймақ қатысушыларының жыл сайынғы есептері негізінде уәкілетті орган айқындаған т ә р т і п п е н ұ с ы н у ; » ;

10) тармақшадағы «жүргізу жатады.» деген сөздер «жүргізу;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18) және 19) тармақшалармен толықтырылсын:

«11) арнайы экономикалық аймақты дамыту жоспарын әзірлеу;

12) арнайы экономикалық аймақтың маркетингтік стратегиясын әзірлеу;

13) арнайы экономикалық аймақта жаңа өндірістерді құру бойынша маркетингтік з е р т т е у л е р ж ү р г і з у ;

14) арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және ілгерілету жөніндегі і с - ш а р а л а р д ы ө т к і з у ;

15) арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларын, өтініш берушілерді, арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларын ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларының, өтініш берушілердің, арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларының мемлекеттік органдардың, жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің өкілдерімен кездесулерін ұйымдастыру;

16) арнайы экономикалық аймақта индустриялық-инновациялық және инвестициялық жобаларды іске асыру үшін инвестицияларды тарту;

17) «бір терезе» қағидаты бойынша арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларымен, өтініш берушілермен, арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасау және жұмыс істеу;

18) коммуналдық, логистикалық және сервистік көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

19) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына қатысу жатады.»;

14) мынадай мазмұндағы 18-1 және 18-2-баптармен толықтырылсын:

«18-1-бап. Бірыңғай үйлестіру орталығының құқықтық жағдайы

1. Бірыңғай үйлестіру орталығының қызметі осы Заңмен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасымен реттеледі.

2. Бірыңғай үйлестіру орталығының мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қалыптастырылады.

3. Қазақстан Республикасында арнайы экономикалық аймақтарды тиімді және тұрақты дамыту мақсатында бірыңғай үйлестіру орталығы Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған қаржыландыру көздерін тартуға және пайдалануға құқылы.

18-2-бап. Бірыңғай үйлестіру орталығының өкілеттіктері

Бірыңғай үйлестіру орталығының өкілеттіктеріне:

1) арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларын тіркеу, арнайы экономикалық аймақтардың жер учаскелерін бөлу, арнайы экономикалық аймақтардың инфрақұрылымын қаржыландыру және дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, басқарушы компаниялардың акционерлерімен, арнайы экономикалық аймақтардың басқару органдарымен және арнайы экономикалық аймақтардың қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасау;

2) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

3) басқарушы компаниялардың мемлекетке тиесілі акцияларын сенімгерлік басқару;

4) Қазақстан Республикасында арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және ілгерілету жөнінде қызметтер көрсету, оның ішінде: арнайы экономикалық аймақтардың инфрақұрылым объектілерінің жай-күйін мониторингтеу;

арнайы экономикалық аймақтарды дамыту жоспарларын және жобаларды іріктеу өлшемшарттарын әзірлеу, арнайы экономикалық аймақтардың басқару органдарын қаржыландыруды жоспарлау, арнайы экономикалық аймақтарды қаржыландыру (бюджетті жасау және шоғырландыру) жоспарларын әзірлеу, басқару модельдерін, ішкі бизнес-процестер мен корпоративтік құжаттарды әзірлеу және арнайы экономикалық аймақтардың басқару органдарына енгізу, арнайы экономикалық аймақтардың басқару органдарының қызметін жетілдіру, арнайы экономикалық аймақтарды ілгерілету жөніндегі жоспарды әзірлеу, арнайы экономикалық аймақтардың басқару органдарының қызметкерлерін оқыту жөнінде ұсынымдар (ұсыныстар) әзірлеу;

нарыққа талдау жүргізу және арнайы экономикалық аймақтардың маркетингтік стратегиясын әзірлеу жөнінде арнайы экономикалық аймақтардың басқару органдарына консультация беру; нысаналы маркетинг жүргізу;

отандық арнайы экономикалық аймақтар мүмкіндіктерін халықаралық нарықтағы әлеуетті қатысушылардың нысаналы тобына ілгерілетуді қамтамасыз ету;

арнайы экономикалық аймақтарға әлеуетті салалық және инфрақұрылымдық инвесторларды тартуға жәрдем көрсету;

арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларының қызметін ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтардың әлеуетті қатысушыларының мемлекеттік органдардың, арнайы экономикалық аймақтардың басқару органдарының, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің өкілдерімен кездесулерін ұйымдастыру, арнайы экономикалық аймақтар тақырыбы бойынша бизнес-форумдар, көрмелер, конференциялар және семинарлар өткізу;

жобаларға талдау жүргізу; қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуын мониторингтеу; уәкілетті органның стратегиялық құжаттарының нысаналы индикаторларына қол жеткізуге жәрдем көрсету;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қызметтің өзге де түрлері жатады. »;

15) 19 - бапта :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Басқарушы компанияны басқару үшін адамдарды конкурстық іріктеуді уәкілетті орган тиісті мүдделі мемлекеттік органдармен және бірыңғай үйлестіру орталығымен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Президентіне арнайы экономикалық аймақты құру туралы ұсыну енгізілген күннен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде жүргізеді.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Атқарушы органның басшысымен не басқарушы компанияның атқарушы органы функцияларын жеке-дара атқаратын адаммен еңбек қатынастары тоқтатылған жағдайда, басқарушы компанияны басқару үшін адамдарды конкурстық іріктеуді уәкілетті орган тиісті мүдделі мемлекеттік органдармен және бірыңғай үйлестіру орталығымен бірлесіп еңбек қатынастары тоқтатылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жүргізеді. »;

3-тармақтағы «талаптарды» деген сөз «біліктілік талаптарын» деген сөздермен ауыстырылсын ;

16) 21-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қызметті жүзеге асыру туралы шарттар талаптарының орындалуына мониторингті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары және бірыңғай үйлестіру орталығы арнайы экономикалық аймақтардың басқару органдары есептілік нысанында ұсынатын ақпараттың, сондай-ақ осы Заңға сәйкес арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары туралы ақпараттың негізінде жүргізеді. »;

17) 22-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) жарғылық капитал ретінде енгізілген қаражаттар;».

8. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 42-құжат):

3-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы алып тасталсын.

2 - б а п . О с ы З а ң :

1) 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабының 2-тармағы 1) тармақшасының оныншы абзацын;

2) 2015 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабының 4-тармағын;

3) 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы Заңның 1-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының он екінші, он үшінші, он төртінші және он бесінші абзацтарын, 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшаларын, 7-тармағы 3) тармақшасының сегізінші абзацын, 7) тармақшасының төртінші, алтыншы және сегізінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев